

Отбасындағы өзекті мәселелер және оның шешілу жолдары

Нурхатова Гульжаз Аргынбековна
Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің
«Оқушылар шығармашылығы сарайы» КМҚК
педагог-психологы

Мақсаты:

Бала тәрбиесінде ата-аналар мен балалар алдында кездескен қиындықтарды анықтау, олардың шешілу жолдарын табу.

Құрал-жабдықтар: видео ролик, презентация, кесте, сүлгі, Ақ қағаздағы бала мүсіні, түрлі-түсті қағаздан жасалған бала киімдері.

Сабақ барысы

Құрметті ата-аналар!

Сіздер әрқайсыларыңыздың өз білімдеріңіз, өз мінез-құлықтарыңыз, өмірге деген әр түрлі өз көзқарастарыңыз, әр түрлі тағдырларыңыз бар жеке тұлға болғанмен сіздерді біріктіріп, бірлестіретін – ол сіздердің балаларыңыз, қыздарыңыз бен ұлдарыңыз, жалпы алғанда сіздердің Отбасыларыңыз. Баламыз бақытымыз болу үшін және уақыты келгенде «Өмір ойдағыдай болды...» деп айту үшін не істеуіміз қажет? Ата-ана болу – бұл үлкен қуаныш, үлкен жауапкершілік, кейбір жағдайда өзінді-өзің құрбандыққа шалу болып та табылады. Өмірде құнды нәрсенің барлығы қымбат тұрады. Сондықтан балаларды да бұл заңдылықтан алшақ қарауға болмайды.

Отбасындағы жағдайдың бұзылуы баланың болашағының өзгеруіне өте маңызды. Кез келген отбасының өз ішінде мәселелері бар. Әрине отбасыны асырау үшін ата-аналар жұмыс істейді. Сол себепті ата-аналардың уақыты өте аз. Көшілік жағдайда осының әсерінен балалар ата-ана махаббатынан алшақ қалып жатады. Қандай жағдай болмасын, ата-ана алдындағы жауапкершілік үлкен. Сондықтан бүгін осы мәселені шешуге бір қадам болса да жасап көрелік.

Танысу жаттығуы

Құрметті ата-аналар! Сіздермен жақын танысу үшін өз аттарыңызды есімдеріңізді айтып, есімдеріңіздің қандай мағына беретіні, кім қойғаны жайлы қысқаша ой бөлісіп кетсек.

Жүргізушінің сөзі

Қазіргі тандағы көпшілік ата-аналарға жетіспейтін іс – балаға көңіл бөлу. Ата-аналар тарапынан заман ағымына орай уақыттың жеткіліксіздігі, жұмыс бабы, ал кейбіреулерде бұл тіпті көңіл бөлмеу, мән бермеу болуы мүмкін. Бұл сұраққа көпшілік ата-аналар шектен тыс еркеліктің болмауы үшін деп ақталуы мүмкін.

Видеоролик тамашалау

Бұл бейне көрініспен қаншалықты келісесіздер?

Жалпы шынайы өмірде осындай оқиғалар болады ма?

Сіздің өмірлеріңізде қара жәшіктің рөлі қандай?

«Балалыққа саяхат» жаттығуы

Мақсаты: ата-аналарға баланың өмірінде сенімді ата-анасының болуының қаншалықты маңызды екенін, болашақтағы өмірінің дұрыс қалыптасуына деген сенімділігін арттыруға көмектесу.

Көздеріңізді жұмып, аяқатрыңызды жерге нық басып, ыңғайлы формада отырамыз. Өз демімізді реттеуге тырысамыз. Қол аяқтарыңыздың ауырлығын сезініңіздер. Ақырын ескен самал желі сізді балалық шағыңызға әкетіп барады. Көктемнің жайма шуақ күндерін есіңізге алыңыз. Сіздің жас шамаңыз 5, 6, 7 жас шамасында. Сіз жол бойында келе жатырсыз. Үстіңіздегі киген киіміңізге көңіл бөліңіз. Көңіл-күйіңіз өте тамаша, жаңыңызда ең жақын адамыңыз бар. Қараңыз ол кім. Сіз ол адамның қолынан ұстап, алақанының жылылығын сезесіз. Кейін қолын жібересіз, көңілді күймен алға қарай жүгіріп кеттіңіз. Жақын адамыңызды тосып тұрсыз. Ол адамның тағы да қолынан ұстадыңыз. Кеннен сіз күлген дауысты естідіңіз, басыңызды көтеріп қарағанда мүлдем жат басқа адамды көрдіңіз. Сіз артыңызға қарайласыз, ал сіздің жақын адамыңыз артыңызда қарап, күліп тұр. Сіз жүгіріп қайтадан өз жақын адамыңызға барасыз, қолынан ұстап, әрі қарай жақыныңызбен болған оқиғаны еске алып күліп барасыздар. Сіздерге қайтадан бөлмеге оралу қажет. Дайын болған уақыттарыңызда көздеріңізді ашсаңыздар болады.

Жүргізуші: ақпараттық блог

«Қабылданатын және қабылданбайтын жауаптар» жаттығуы

Қатысушылар өз араларында екі топқа бөлінеді. Бірінші топ арнайы даярланған кестеден «Қабылданбайтын жауаптарды », ал екінші топ ата-аналары «қабылданатын жауаптарды» жазулары қажет.

Баланың сұрақтары	Қабылданбайтын жауаптар	Қабылданатын жауаптар
Мысалы: Мама маған сатып берші....	Мен сенің ананы - мынаны алып берші деген	Мен саған ол затты қатты алып бергім келіп тұр, бірақ дәл қазір

	өтініштерің- нен әбден жа- лықтым!	менің ақшам болмай Тұр.	Кітапты дауыс- тап оқығым келмейді		
Саған барлы- ғын істеуге бо- лады, ал маған неге бол- майды?			Талқылау сұрақтары. Ата-аналар өз ойларымен бө- ліседі. «Өмірлік өрнектер» жаттығуы Қатысушыларға ақ қағаз немесе сүлгі ұсынылады. Тапсырма: Сүлгіні бүктеп, әр бүккен сайын бір бұ- рышын жырту қажет. Нәтижесінде түрлі өрнек- терді көруге болады.		
Күн суық болса да сырт киі- мімді киеймін!			Талқылау сұрақтары. Ата-аналар өз ойларымен бө- ліседі. «Мінсіз бала мүсіні» жаттығуы Ата-аналарға арнайы дайындалған бала мүсіні бе- ріледі. Бұл балаға алдын-ала дайындалған киім- дерге бүгінгі сабақтан алған пайдалы әдістерді жазу арқылы киіндіру қажет.		
Неге мен қо- қысты жинауға міндеттімін?			Кері байланыс Кездесу сіздерге несімен ұнады? Кездесуде не нәрсе сіздерге ұнамады? Кездесу жайлы өз ойларыңыз?		
Мен ұйықта- маймын, ұйқым келмейді					
Мен мына та- мақтағы са- рымсақты мүл- дем жегім кел- мейді?					